

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасының докторанты Жаксыбаева Анар Қанатқызының «8D02202 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын «Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісіне дінтанулық талдау (Алматы қаласы және Алматы облысы мысалдарында)» атты ғылыми диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Тәуелсіздіктен кейінгі Қазақстан қоғамындағы діни үдерістердің әлі толық зерттелмеген, бірақ іргелі терең талдауды талап ететін бір саласы – діни конверсия мәселесі. Қазіргі уақытта елімізде діни сенім мен құндылықтар жүйесінің өз рухани ұстанымдарына сай келуіне айырықша мән беріп, дінін ауыстырған адамдардың қатарының өсіп келе жатқанын байқалады. Осыған дейін БАҚ-да христиандықтың әртүрлі деноминацияларына, неоориенталистік діни ағымдарға өткен Қазақстан азаматтары туралы жиі жазылып келген еді, алайда соңғы жылдары ислам дініне бет бұрған, мұсылмандықты қабылдаған азаматтар жайлы да мәліметтерді кездестіретін болдық. Жаксыбаева Анар Қанатқызының диссертациялық зерттеу жұмысы қоғамда орын алып отырған исламға конверсияланған диаспора өкілдерінің жаңа діни бірегейлікке ие болу үдерісін және оның әлеуметтік-психологиялық нәтижелерін қарастыруға арналған. Қорғауға ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі қоғамда орын алып отырған исламға конверсияланудың алғышарттары мен себептерін, факторлары мен тенденцияларын айқындауға деген талпыныспен анықталады. Диссертант конвертиттердің постконверсиялық тұрмысындағы, әлеуметтік статустары мен рөлдеріндегі, психоэмоционалдық күйіндегі өзгерістерді ғылыми-теориялық тұрғыдан пайымдайды.

Диссертациялық жұмысын орындау барысында А.Қ. Жаксыбаева діни конверсия үдерісін кең мәдени-тарихи контексте дінтанулық, психологиялық, әлеуметтанулық және философиялық бағыттар тарапынан қарастырып, исламды қабылдаған конвертиттердің мұсылмандық бірегейлігінің негізін құраушы компоненттерді анықтаған. Осы тұрғыда ізденуші діни конверсия саласындағы теориялық білімдерді әлеуметтік бақылау, сауалнама, антропологиялық зерттеу тәсілдерін ұтымды қолдана отырып эмпирикалық зерттеулермен сабақтастыра алған.

Ізденуші қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы діни конверсияның негізгі теориялары мен концепцияларды зерттей отырып, оны исламдағы конверсияны сипаттайтын ұғымдармен толықтырып, өзіндік тұжырым ұсынады, бұл диссертациялық зерттеудің тың, жаңа тұсы болып табылады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы діни конверсияның тарихи аспектілерін талқылай отырып, ізденуші көне түркілердің исламды қабылдауына екі этностың рухани-дүниетанымдық комплиментарлығының маңызды рөл атқарғанын атап көрсетеді және исламның қазақ халқының діни танымы мен құндылықты ұстанымдарында берік орнығып, діни бірегейлігінің ажырамас бір бөлігіне айналғанына назар аударады.

Ізденуші XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырда орын алған саяси-әлеуметтік және діни-мәдени жағдайларды, атап айтқанда Ресей империясының қазақ халқының діни бірегейлігін өзгертуге талпынған миссионерлік әрекетінің және кеңестік биліктің діннен аластатуға бағытталған атеистік идеологиясының мақсатына жете алмауын қазақ халқының дүниетанымы мен рухани бағдарында, өмір салты мен тұрмысында дәстүрлі діни түсініктер мен құндылықтардың берік орын алғандығымен түсіндіреді. Бұл тұрғыда А.Қ. Жаксыбаева архивтік деректерді, кеңестік дәуірдегі ресми құжаттарды терең әрі жан-жақты саралаған.


Сонымен бірге ізденуші заманауи постсекулярлы қазақстандық қоғамдағы діни конверсия үдерісін (исламды қабылдау) зерттеу мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізген. Зерттеу барысында алынған мәліметтер конвертиттердің конверсиялық мотивтерін, дін ауыстыруға ықпал еткен факторларды және конвертиттердің постконверсиялық ахуалын айқындауға мүмкіндік берген. Исламды қабылдаған диаспора өкілдерінің қоғам тарапынан түсініспеушілік пен қысым көрмеуі және бұрынғы әлеуметтік ортасынан да алыстамауы Қазақстан қоғамындағы толеранттылық пен азаматтардың діни таңдауы мен ұстанымына құрметпен қараудың қоғамымыздың маңызды құндылықтарының біріне айналғанын байқатады және осыны үлкен жетістік ретінде бағалауға болады.

Диссертациялық жұмыста құрлымдық-функционалдық, феноменологиялық, герменевтикалық және антропологиялық тәсілдемелермен қатар, анализ, синтез, классификациялау, құжаттарды талдау, сауалнама және тереңдетілген сұхбат ұтымды қолданылған.

Жалпы диссертация жүйелі түрде, өзара байланысқа негізделген кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Ғылыми еңбектің мазмұны жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу барысында ізденуші діни конверсия феноменіне толыққанды талдау жасап, Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісінің дінтанулық, әлеуметтік-психологиялық аспектілерін аша алған.

Жаксыбаева Анар Қанатқызының «Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісіне дінтанулық талдау (Алматы қаласы және Алматы облысы мысалдарында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің «Ғылыми атақтар беру ережесінің» талаптарына сай орындалды. Диссертанттың еңбегін жоғары бағалай отырып, оны «8D02202 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және қорғауға жіберуге ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университетінің дінтану кафедрасының
профессоры



К.А.Затов